

ЖУРНАЛИСТ



Студенттердің оқу-тәжірибелік газеті



«Журналист» – жастар шығармашылығын шыңдайтын газет

Шығармашылық ізденіс – журналист кәсібінің негізі. Шеберлік мәселесінің қоғамның барлық саласын қамтитын журналистикадағы алар орны ерекше. Заман өскен сайын, біліміміз де байып, өзгеріп, өрлеп, жаңарып, жасарып келеміз. Оңалық жаршысы – журналистика өзгеден оқ бойы озық тұруды, болашақты болжап, қоғамдық пікірді дұрыс қалыптастыруды көздейді. Бүгінгі кәсіби журналист дегеніміз – қажетті, маңызды ақпаратты дәл уақытында ала білген, көкейкесті проблемаларды дер кезінде жедел көтеріп, шешілу жолдарын көрсететін, экономикалық, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге қатысты татымды ой, пікір айта алатын маман. Мұның бәрі тек журналистік шеберліктің қыр-сырын меңгергенде ғана жүзеге асырылатын шаралар болып табылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының студенттері отыз жылға жуық «Журналист» оқу-шығармашылық газетін шығарып келеді. Осы жылдарда кафедрадан қаншама түлек түлеп, қазақ журналистикасының жүгін арқалауда.

Кезінде ақын Сырбай Мәуленовтің: «Журналист мамандығы – үнемі ізденіп, алға талпынуды тілейтін ауыр мамандық. Журналист болу деген сөз – халықтың соғып тұрған жүрегі, жанын кернеген ой-тілегі болу деген сөз», - деп жазғанын білеміз. Демек, журналист еңбегі – үнемі ізденіп, шығармашылық жаңаруды талап ететін еңбек. Журналистика факультетінде оқытылатын «Қазақ журналистикасының тарихы» пәнінің жұмыс бағдарламасы негізінде студенттердің өзіндік жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау алу жолының әдістемелік бағыты семинар мен вебинар арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде барлық студенттер, СӨЖ жұмыстарын түрлі сайттарға жариялау арқылы шығармашылық қарым-қабілеттерін көрсете біледі. Мәселен, бірінші аралық бақылауға дейін түрлі сайтқа 1-курс студенттері Сұлтан Бағдаттың 14 мақаласы, Маликаждарова Алтынайдың 18 мақаласы жарық көрді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев: «Карантин кезінде қашықтан оқу жүйесінің ақсап тұрғанын көрдік. Болашақта мұндай кризистер болуы мүмкін. Сондықтан қашықтан оқу мәселесін заңнама, әдіснамалық және ұйымдастыру деңгейін реттеуді жылдамдату керек. Маңызды мәселе – электрондық кітаптар. Білім министрі оқулықтарды қайтарымсыз қолдануға рұқсат ала отырып, кезең-кезеңімен цифрлық форматқа көшіру керек», - деп атап өткеніндей, студенттер онлайн дәріс барысында Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхананың <http://kazneb.kz> сайты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <http://elib.kaznu.kz/> сайты, ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» <http://libray.kz/> сайтының т.б. кітапхана қорының кітаптары мен материалдарын пайдаланды.

Студенттер қазақ журналистикасының тарихын зерттеудің мақсат-міндеттері мен баспасөз тарихының қалыптасуы мен дамуын ұғынуда түрлі жазбалар жазып, қазақ газеттері мен журналдарының бағыт-бағдарын, мән-мазмұнын көрсете отырып, олардың жарық көрген кезеңіндегі саяси-әлеуметтік жағдайына сәйкес баға бере білді.

Кез-келген мақалаға кіреспес бұрын әр білімгер оқырманға ең алдымен, не керек екенін білуі керек. Өйткені, оқырман өмірде, қоғамда не болып жатқанын білгісі келеді. Осы тұста біз «Қазақ журналистикасының тарихы» пәнінің дәрістерінде білімгерлерді «Мен редактор болсам...» деген тақырыпта өзіндік шеберліктерін шыңдап, бақыладық. Білімгерлер еңбегі өздерінің шығармашылығымен толысқан оқу-шығармашылық «ЖУРНАЛИСТ» газетіне жариялап отыр.

Білімгердің жазу машығын арттырудың келесі жолы – сауаттылыққа бейімдеу, дұрыс сөйлеп, дұрыс жазу білуге машықтау. Қазіргідей қоғамдық өзгерістер тұсында журналистикада да жаңа таным, жаңа көзқарастар пайда болды. Енді бұрынғыша ескі стильде жазу мүлдем өзгеше сипатта жүзеге асырылуда. Сондықтан жаңаша ізденудің қажет екендігін өмірдің өзі алға тартып отыр. Осы ретте бүгінгі журналистердің шығармашылығын байқай отырып, олардың еңбектеріне талдау жасап, жүйелі пікірлер қорыту қажет. Ол үшін ақпараттың маңыздылығы сол – сенің жазған мақалаңнан ақпарат алу арқылы, оқырман әрі қарай шешім қабылдауға мүмкіндік алады. Дәріс барысында біз білімгерлерді қашанда: «Сауатты бол, ойыңды тек фактімен ғана айтып үйрен!» - деген әдіспен тәрбиелеуге тырысамыз. Осы талап тұрғысынан алғанда, білімгердің журналистік зерттеуге бейімі күшейе түсетініне көз жеткізуге болады. Сол бейім кейінірек кез-келген білімгерді төзімділік деген жақсы қасиетке жетелей түседі, соңында кез-келген ақпаратты талдай білетін, көзіқарақты шығармашылық иесі болуға бейімделеді. Болашақ журналист иелерін білімді, төзімді, жауапкершілігі мықты етіп тәрбиелеу – кез-келген тәлімгердің міндеті.

Римма Серікәліқызы Жақсылықбаева,
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты



Ғылымның қара шаңырағы- ҚазҰУ-ым

«Қара шаңырақ» десе еліміздегі еңсели білім ордаларының бірі әрі бірегейі- әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті есімізге түсетіні жасырын емес. Расында да , университетіміз 85 жыл ішінде қазақ ғылымының қара шаңырағына айналып үлгерді. Осы жылдар ішінде неше мыңдаған ұрпақтың санасына ілімнің шырағын жағып, ұлтымыздың бетке ұстар аяулы азаматтарын өмірдің аламан бәйгесіне өзі баптап қосқаны тағы бар. Университет қабырғасында жан – жақты, біліктілігі жоғары, қазақтың керемет ақын – жазушыларының алдын көрген, сол ұлы кісілерден дәріс алған отушы-профессорлар, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, доценттер қызмет атқарады. Ұлағаттылық ұстаздан дегендей бір кездері ҚазҰУ қабырғасында Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Ермахан Бекмаханов сынды ұлт көсемдері дәріс оқыған болса, бүгінгі күні де сол дәстүр үзілген жоқ. Университетіміздің ізденушілеріне білім-ғылым, өнер мен мәдениет, спорт саласындағы таңдаулы мамандар білім беруде. Олар тек өз ісіннің шеберлері ғана емес, жүрген-тұрғанына, қарапайым сөйлескеніне дейін тұнып тұрған тәрбие дерлік талабы жоғары тұлғалар.

85 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің қоғамдық өмірі мен білім, ғылым, жалпы оқу ағарту саласының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің куәгері. Университет – ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденіс мен құштарлығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасы. Қасиетті қарашаңырақ тарихының әрбір кірпіші оның белгілі ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының творчестволық талмас қайраты мен күнделікті еңбегінің арқасында қаланған оқу ордасы. Қазіргі таңда әлемдік топ-университеттер қатарында белгілі дәрежеде алға жылжып,халықаралық деңгейде өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеген ұлттық жоғарғы оқу орнының алдында жаңа міндеттер мен талаптар тұр. ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов университеттің аталмыш мерейтойымен құттықтай отыра, өзінің «Биік асулар жолында» атты мақаласында былай деді: «Бүгін еліміздің жетекші университеті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 85 жыл толып отыр. 1934 жылдың 15 қаңтары Қазақстандағы тұңғыш көп салалы университеттің ресми ашылу күні болып саналады. Сол күні оқытушы-профессорлар құрамы туралы бұйрыққа қол қойылып, алғашқы студенттерді қабылдау басталды. Университет құрылғаннан бері Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріне және экономикасына аса зор үлес қосып келеді. Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім саласындағы әлемдік көшбасшы университеттің біріне айналды».

Әл – Фараби бабамыз өз сөзінде: « Бақытқа жеткізетін еркін әрекет — тамаша әрекет» дегендей, сол тамаша әрекеттің бірі – ол білімге деген құштарлық деп санаймыз.

Университетке аяқ тірегілі бері өзімді нағыз телегей теңіз білім ордасына, жалынды жастардың қатарына енгеніме өте қатты қуанамын. Өйткені, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміз бен біздің жастарымыздың басты байлығы — сапалы білім екенін өзінің сөйлеген сөздерінде бірнеше рет атап көрсеткен болатын. Осы сапалы білімнің қара шаңырағы, Қазақстандағы білім беру жүйесінің тірегі, ескінің көзін көрген, 80 жылға жуық бай тарихы жинақталған ұлттық университетте еліміздің түкпір түкпірінен, алыс — жақын шет елдерден келіп, оқып жатқан студенттер жетерлік. Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші ,әрі әлемдік білім нарығындағы бәсекеге қабілетті, әлемдегі ең үздік 800 университет арасында 220-ші орынды ие болып, QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде тағы 16 орынға алға шықты. Бұл топқа посткеңестік кеңістіктен тек екі университет кіреді: ҚазҰУ және Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (РФ). ҚазҰУ Қазақстандағы нөмері бірінші университет, сонымен қатар білім мен ғылымның ұлттық көшбасшысы.



Алаш арыстары

Еленбей жүрген елеулі тұлға

Тарих қойнауында қалып қойып, айтылмай жүрген, өмір жолы, қызмет жолы, шығармашылығы түгіл есімі ғылыми айналымнан қалыс қалған қазақ жанашыры Біләл Сүлейұлы жайлы не білеміз? Осы өмірден мезгілінен бұрын, мерекесіз өтіп кеткен қазақтың біртуар азаматы Біләл Сүлейұлының өмірбаянымен толығырақ осы мақаладан танысатын боласыз.


Алаш қайраткері, ақын, публицист, сатирик, драматург, қазіргі Қазақстанның білім беру саласына зор еңбек сіңірген, қазақ педагогикасының, методикасының негізін қалаушылардың бірі, педагог Біләл Сүлейұлының ғұмырнамаһы көпшілікке белгісіз. Біләл Сүлейұлы ұлтымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы болатын. Тағдыры ауыр, өмірі мекнатқа толы болғанына қарамастан, қазақ жұртына ақтық демі таусылғанша қызмет қылмай қоймады.

Алаш арыстарының бірі Біләлдің шыққан тегі, түп тамыры Орта жүз Найман руынан, Матай зәуатынан. Оның арғы атасы – Майлы. Майлыдан Сүлей, Мұқаш, Жақып, Әукен, ал Сүлейден Біләл, Хамит, Мәжит, Самат, Мүбәрак, Кәбік тараған.

Біләл 1893 жылдың 3 сәуірінде қазіргі Алматы облысының Ақсу ауданына қарасты Қапал ауылындағы Баянжүрек тауының баурайында туған. Әкесі Сүлей Майлыұлы заманында оқыған, көзі ашық адам болатын. Сүлей әке Алланың хақ жолымен жүріп, әр мұсылманға парыз етілген 5 парыз істі көзі тіркінде толық өтеп, Мединеде болып, қасиетті Меккеде қажылығын өтеп елге үлкен қажы атанып келген, Николай заманында орта дәулетті кісі болған. Біләл әкесіне қарап өсіп, әкесінен тәлім-тәрбие алып, мұсылманша сауатын ашып өскен. Зерек баланың солайша Ақсу-Қапалға аты шығып, ұлтына дәулетімен қызмет еткен қазақ меценаты, алғашқы роман бәйгесін жариялаған Есенқұл қажы Маманұлының қолдауымен Қарағаштағы Маман әулетінің ұрпақтары ашқан мектепке оқуға түседі.

Мамания мектебі ол кезде Қарағаштағы, қазіргі Жетісудағы тұңғыш ашылған әрі жәдитік жаңа ілім беру методикасын көрсеткен мектеп еді. Мамания мектебінде жас ғұламаларды оқытушылардың қатарында алды 8 тілді білген Мұстақым Малдыбайұлы, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Барлыбек Сырттанұлы, Есенгелді Мұхаметқали, Файзрахман Жиһангаров секілді ағартушылар болған.

Кейін мектеп бітірісімен Есентай қажы Біләлді Уфадағы «Ғалия» медресесіне оқуға жібереді. Онда оқудың пайдасын бойына сіңірген Біләл тағы да оқуға ынтығып, Орынбордағы мұғалімдер семинариясында білім жолында ізденісін жалғастырады. Осылайша Біләл діни білімді де, дүние білімін де меңгеріп, білімге жайған екі қанаты тең болып, қазақ халқына қызмет етуге кіріседі.



Сурет алаштанушы Елдос Тоқтарбайдың жеке мұрағатынан алынды.

Арыстары Алаштың

Ой сананы кейде тоқтық басқандай,
Өздеріңді сәл ұмытсам еске алмай.
Әруақтар алдында бұл күнә деп,
Бабаларым айхай салып ұрсардай.
Сілкінгендей найзағайдың отынан,
От кеудеме сендер сепкен алтын дән.
Желек жайып іздеріңнен көгеріп,
Келер күнге дауыс салып алқынған.
Азаттықтың жалғау үшін үндерін,
Бізге арнаған өміріңнің бар демін.
Әлихан боп, ұранымыз Алаш деп,
Көз алдымда тұрасыңдар ерлерім!

Лұқпан Сисекенұлы

ТУҒАН ТІЛІМ-ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

Тіл-дегенде асау жүрек алқынып,Алаштан қалған асыл қазынамның бар болғанына қуанам.Кермет қазақ тілі сонау ғасырлардан жалғасқан көне Түрік тілімен бітесіп қайнап бізге дейін жеткен бабалар асыл мұрасы болып келетіні бізге мәлім..

Тілім деп тебіренген қазақ жанашырларының аңсаған арманы, болашақ жастары тілсіз,дінсіз болмасын деген ұлы мұраты болатын. Кәзіргі таңда жастар өз тілін емес өзге тілде сөйлейтін шала қазақ дәуіріне тап болғанымыз жанды ауыртып жүректі сыздатады.Әлемдік додаларда кеңінен таралған Ағылшын,Орыс, француз тілдерін ерекше игрегісі келді екен..Онымен қоймай қазақша сөйлеуге ұялатын адамдарда жоқтың қасы емес."Ана тілін силамаған-силамайды халқында" -деген көне бабалар өсиеті.Осындай кеудесінде намысы жоқ жастарға, аға-бауыр әпкелерге айтылатын сөз деп есептеймін.

Тіл халықтың асыл мұрасы, Жүрегіңде қазақтың қаны ойнайтын алаш баласында болашаққа деген үлкен ұлы мұрат болуы хақ.Өз тілін ерекше қырларымен көркемділігін кең мағынада әлемге паш ете білуі қажет.Алаштың асыл азаматтарына айтарым Өз тілімізді өзіміз өркендетейік және соған жұмыла жұдырықтай ат салысайық деген асыл арманмен ұмтылайық Болашаққа дегім келеді.

Ана тілім-ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен араластырып сөйлейтіндерді жиі көремін. Тіпті, туған тілінен безетін сорақыларды да, менсінбеушілікпен қарап, қазақша сөйлеуге ұялатындарды көргенде, белгілі орыс жазушысы К.Г.Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік» деген сөзі ойыма еріксіз оралады.

Ана тілі - ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын майлау. Ең жақсы адам – ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең ирімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз. Ақиық ақын М.Мақатаев «Отан» атты өлеңінде:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем
Мен оның құдіретті үнін сүйем, – деп Отанды сүюдің, ана тілін сүюдің құдіретті биік сезім екендігін білдіреді.

Менің елім – көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны - бәріміз үшін мақтаныш. Бұл - біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясатының, дана ойларының жемісі. Елімізді жарқын болашаққа жетелейтін, халық мүддесін ғана ойлайтын Елбасының арқасында біз, қазақ елі, мәңгілік ел болып қала бермекпіз.

Рустем БЕКБОЛАТОВИЧ
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
1 курс студенті



Атадан қасиет, бабадан өсиет

Атасы жақсы қандайды...

Дарабоз майдангер Бауыржан Момышұлының тамаша ерлікпен өрнектелген майдан жолын білмейтіндер кемде-кем: еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін біледі.


Ол кісінің полк, дивизия командирі болғандығын, 5 рет қоршауды бұзып, 27 рет өз батальонын жауға қарсы бастап барғаны маған патриоттық сезім сыйлайтын. Мәскеу түбіндегі ерлігін ойласам, мақтаныш сезімі кеудемді кернейді. Ерліктің символына айналған Бауыржан Момышұлының дивизия басқарған « №1 қазақ» екенін білгенімде, көкейімді ерекеше қуаныш сезімі билеп, төбем көкке сәл-ақ жетпеді.

Әрине, батыр атамсыз туралы әңгімелер, аңызға бергісіз оқиғалар көп... Мысалы, Бауыржан Момышұлы немістерге қарсы шабуыл жасау мақсатында, жауынгерлерімен орман ішімен өтіп бара жатып, неміс солдаттының мәйітін тауып алғанын және оны арулап көмгенін есңтіп, таң қалдым. «Апырмай, басқа біреу болса, жау баласы деп ит пен құсқа жем етер еді ғой! Өлтіремін деп барып, көміп кеткені қалай?» -деп ойладым. Бұл ол кісінің адамгершілігінің, рухани тәрбиесінің мықтылығының, ізгі парасат иесі екендігінің көрінісі еді. «Кім болсақ та адам баласын ит пен құсқа жем етуге ешкімнің құқығы жоқ» -деген осы бір сөздер санамда сақтаулы. Ол өзінің Кубаға барған іс-сапарында, сол мұхиттың арғы жағындағы елдің басшысына үлкен әсер қалдырып, алғысын алғандағы жауабы да маған қатты ұнады. Бауыржан Момышұлы өз сөзінде: «Маған алғыс айтудың қажеті жоқ, менің халқыма алғыс айтыңыздар! Мен жәй ғана СССР-дің қалдығымын!» -деп, Куба басшысын қазақ халқына бас идіргеніне тәнті болдым. Осылайша, Бауыржан Момышұлының толымды тұлғасы жүрегімнің төрінен орын алды.

қазақта: «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген тамаша сөз бар. Бауыржан Момышұлының қыры сегіз емес, сексен сегіз десек те жарасады. Бір өзінің бойынан, мінезінен,майдан жылдарындағы, одан кейінгі бейбіт кезеңдердегі іс-әрекеттерінен қазақ халқының тұтас тұлғасы танылғандай. Бауыржан Момышұлы-өзі көсем, өзі шешен болды, сонымен қатар, ол адал сенімнің, ар-ұяттың, намыстың адамы, шындық үшін күрескен жан. Тек, майдан даласында ғана емес, бейбіт өмірде де қаһармандықтың сан алуан жағап үлгісін жасаған тұлға. Бауыржандай батыры, әрі мыншыл дарабозы бар болған біздің қазақ қандай бақытты! Осындай батырлардың, дүлдүлдердің ұрпағы – біздер де бабаларымыздың рухына сай болып өсуіміз қажет, ол кісілердің атақ-даңқын аяқ асты етпей, арман-мақсаттарын жүзеге асыруымыз керек,- деп ойлаймыз. Бауыржан Момышұлы туралы айтылмаған сырлар, жазылмаған жырлар, шертілмеген күйлер көп. Болашақта батыр Бауыржанның өнегелі өмірін насихаттауда, оның өмір жолы мен еңбектерін зерттеуде талай қалам тербермін деген ойдамыз.



Жанеля МУРАТҚЫЗЫ
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
1 курс студенті





Тарихтағы қазақ әйелдері

Белгілі тұлғаның белгісіз қырлары...

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ӨНЕРЛІ ХАЛЫҚ.КЕҢ БАЙТАҚ ЖЕРІМІЗДІҢ ТҮКНІР-ТҮКНІРІНЕН ТАЛАЙ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АДАМДАР ШЫҚҚАН.СОЛАРДЫҢ БІРІ НҰРСҰЛУ АПАМЫЗ.

НҰРСҰЛУ ТАПАЛОВА-ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ БАЛЕРИНА.

ОЛ 1923 ЖЫЛЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН.

1936 ЖЫЛДАН ҚАЗАҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫНДА СОЛО-БИШІ БОЛҒАН.24 ЖАСЫНДА ҚАЗАҚ ССР ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ӘРТИСІ БОЛҒАН.АХМЕТ ЖҰБАНОВ БАСТАҒАН КОМИССИЯ 1930 ЖЫЛДАРЫ ОЙЫЛ АУЛАНЫНА САПАР ШЕГЕДІ.ҚОНАҚТАРҒА АРНАЙЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН КЕШТЕ ҚЫЛЫҚТЫ БҮЛДІРШІН-ҚЫЗДЫҢ ӨНЕРІ КӨП ҚОШЕМЕТКЕ БӨЛЕНІП,ЕЛ НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРАДЫ.СОЛ КЕШТЕ АХМЕТТИҢ НАЗАРЫНА ТҮСЕДІ.ӘРТІСТІК ӨНЕРДІ ЖЕҢІЛТЕКТИК САНАЙТЫН АУЫЛ ҚОҒАМЫ ТАЛАЙ ЖАСТЫҢ БОЛАШАҒЫН БАЙЛАҒАНЫ ДА ӨТІРІК ЕМЕС .АЛАЙДА,ОСЫНДАЙ ОРТАДА ҚАЛЫПТАСҚАН ӘКЕ ҚЫЗЫНЫҢ ЖОЛЫНА КЕСЕКӨЛДЕНЕҢ ТҰРМАЙ,БАТАСЫН БЕРГЕН ЕКЕН.БАЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА СЕНІП ӘКЕСІ ЕЛУБАЙ,ОТТАЙ ЖАНЫП,ЛАУЛАП ТҰРҒАН НҰРСҰЛУДЫ АЛМАТЫҒА ЖІБЕРЕДІ.ШЕКСІЗ КЕТКЕН ОТАРБА ЖОЛЫМЕН ТЕҢЕСІП,ӨНЕР ЖОЛЫ ДА ЖАЛҒАСА БЕРДІ.НҰРСҰЛУДЫ ӨЗІНІҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫНА АЛҒАН АТАҚТЫ БАЛЕТМЕЙСТЕР А.АЛЕКСАНДРОВ БҮЛЛІРШІННІ ҚИЯЛЫНА ҚАНАТ БІТІРЕДІ.ҚАЗАҚ ОПЕРА ТЕАТРЫ БОЛАШАҚ БАЛЕРИНАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨНЕР ОРДАСЫ ӘРІ ҮЛКЕН САХНАСЫ БОЛҒАН.НҰРСҰЛУ АПАМЫЗ МЫҢ БҰРАЛҒАН БАЛЕТ БИШІСІ ҒАНА ЕМЕС,



Жұбайы: атақты қазақ боксының атасы-Шоқыр Бөлтеқұлы

Мәдениет – адам болу өнері

Мәдениеттің адам өмірі мен әрекетіндегі қызметтері

«Мәдениет» – адамзаттың даму кезеңінде пайда болатын тарихи құбылыс. Оның адам өміріне деген тигізетін ықпалы өте зор. Мәдениеттің әр ғасырға, заманға қажеттілігі мінсіз. Себебі, ғасырлар – адамның мәдени дамуының куәсі. Жалпы «мәдениет» сөзінің анықтамалары өте көп. Және әр адамның бұл сөзді қабылдап, түсіну де әр қалай. Ал менің ойымды талқылайтын болсақ ежелгі тас ғасырына оралайық. Адам баласының қалыптасу үрдісінде де мәдениет жатыр. Яғни ең алғашқы факторлары. Демек көру, сезу, жазу, сөйлеу сияқты бастапқы әрекеттер. Кейін, уақыт өте келе жаңа жетістіктерге де қол жеткендері мәлім. Мысалы: аң аулау, тастан құралдар жасау, алғашқы еңбек бөліністері сияқты. Осындай нәтижелер алғашқы қауым, тайпалардың пайда болуына алып келеді. Бұл - адамзаттың мәдениетке деген бірінші қадамдары деп білеміз. Осылай бірте-бірте елдің халыққа, халықтың ұлтқа, ұлттың мемлекетке айналуын көреміз.

Мәдениетке толы мемлекеттің өзіндік тарихы, салт-дәстүрі, наным-сенімдері болады. Қазақ елі де ежелгі көшпенділердің мұрасын сақтаған. Қазақ халқының мәдениеті - салт-дәстүр мен тәлім-тәрбиеге бай болып келеді. Біздің әр ырым-жырымыздың өзіндік тәрбиелік маңызы бар. Қазақ қызына беретін тәрбиесі, киізетін киім, асыл жар ретінде өзін-өзі ұстауы бөлек бір ғажап дүние. Ананың балаға беретін тәлімі - баланың ана сүтінен дарыйды. Баланы жастайынан жауапты, ізетті, қысқасы адам болуға үйретеді. Тәртіпті ұрпақ болса, саналы болашақ болады деген түсінік қалыптасқан. Сол себепті мәдениеттің халық, орта, отбасы ішінде маңызы өте зор.

Ал қазіргі кезде «Мәдениет» сөзі өзге ұғымда жүреді деп ойлаймын. Себебі, уақыт өткен сайын, заман талабы өзгермей тұрмайды. Яғни, адамның өмірге деген көз қарасы жаңалай түседі. Айналамыздағы театр, мұражай, оқу мен мәдени орындар аз емес. Осындай ортада адам рухани мәдениетін арттыра алады. Және кітап, газет, журналдар оқу арқасында сөйлеу мәнерін дамытып, өмірге деген ой-өрісінің өзгеруі сөзсіз. Қазіргі, таңда адамның сауатты, білімді болуы заманның талабы. Шыны керек біз адам баласын көрген сәтте сырт-келбетіне, жүріс-тұрысына мән береміз. Оны жоққа шығару орынсыз. Ал егер адаммен жеке сөйлесіп, сырлассаң оның сөйлеу мәдениетіне, ойына, адамның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауы, басқа адамдармен қарымқатынасы әулеттік шындықтың басым көрінісі болып саналады. Яғни, күнделікті тіршілік. Бірақ менің ойымша, мәдениеттіліктің ең басты қағидасы тәрбиелік, адамдық, мейірімділік деп санаймын. Себебі, адамның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауы, басқа адамдармен қарымқатынасы әулеттік шындықтың басым көрінісі болып саналады. Рухани байлық пен ізгі ниеттілік ешқашан жамандыққа апармайды, керісінше адам мен адамды жақындастырады. Қазіргі заман қандай дамыған болғанымен, жамандық пен жақсылық қатар жүреді. Өмір заңы ақ пен қарада. Жақсылық қандай көп болса да, жамандық қалыспайды. Адами қасиеттерден арылуымыз аздап қорқыныш үрейін еселейді. О.Сүлейменов атамыз айтқандай: «Мәдениет дегеніміз – кісілер арасында адам болу өнері». Осындай тұжырымдардан кейін адамдық пен мейірімділікке ұмыталамыз. Сол себепті, мәдениеттіліктің адам өміріндегі қызметі өте маңызды. Адамның жасына емес, мәдениеттілігі мен біліміне қарай бағалауымыз керек деп ойлаймын.

Амина АҚПАЕВА

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
I курс студенті

Бүгінгі өлең



О, Алатау,
мазалағаным асылық болар,
Өтірігім жоқ, жалғанда өзіңе жасырып қалар.
Қиянаты бар шығар бәлкім кешірші бірақ!
Жаның ашысын жалғыз қалаңа тасынып толар.

Тұндырып ап тұңғыық мұңлы кешті көзінде,
Сұлу Алматың сырқат қой естимедің бе?!
Айналасы алпыс- ақ күнде қаншама ғұмыр,
О! Алатау, ақ бұлытқа оранып көшті көзінде?!

Жазғыр мейлі қысық көздің көзі болды деп,
Бірақ, Алматы- өзім,
өзім- ол жүрек.
Жалғыз үмітін жанына байлап жаралы жандай
Қарашы әне, қарайды саған көзі мөлдіреп.

Ол- кірпітар кісі,
Сен- тәуіп шал,
Ұсқыны билер,
Алдыда әлі, жаз- жадырап,
қыс күні күлер.
Аршаның асыл жерімен аластадағы
Алатау, алматыңды үшкіріп жібер!

Қасиетті қара домбыра

Қазақтың сан ғасырлық сырын да, шексіз шерін де ішіне сыйғызған қос ішекті қара домбыра. Домбыра- дәуірлердің көне көзі, мәңгілік мұрасы. Атақ пен даңқтың дүрлідеп тұрған дәуірінде дәстүріміздің дидары болып тұрған домбыраның далада яки тыста қалып қойғаны шындық. Қазақтың тойында қара домбырамен табалдырықта меймандарды қарсы алып, қара нәсілділерді төрге шығарып, төбемізге көтеретініміз рас. Бұл ұлтшылдық емес, ұлы шындық! Сонда Франция төріне барып төрткүл дүниені таңданып келген қара домбыраның қазақтың тойының төрінде көркем күйін шертуге әуелесі келмейме? Домбыра сайын даланың сай-саласын аралап, қазақтың мекенін қоңыр үнімен тербеген теңдесіз аспап. Қазаққа қонған құт қара домбыраны сақтау һәм бағалау ұлы парызымыз.

Өнер-өмір өрнегі



"АБАЙ-ТОҒЖАН"- "АЛАТАУ" ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР ТЕАТРЫНДА

Театр биыл қыста қалалық мәдениет басқармасының қолдауымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына ойластырып "Абай-Тоғжан" музыкалық драмасын сахналады.

"Абай-Тоғжан" музыкалық драмасы- адамзаттың Абайына арналған ұлы хәкімнің жолында жас кезінде алғаш ел ісіне араласа бастаған кезеңін суреттейді. "Абай-Тоғжан" қойылымында Абай әндері мен дәстүрлі халық әндері қоса өріліп,қойылымның сырлы мазмұнын, дәуір-тынысын,Абай Құнанбайұлының қилы тағдырын жеткізеді.

Бұл музыкалық драма негізі Мұхтар Әуезовтің "Абай-Тоғжан" эпопеясынан алынған Исраил Сапарбай атамыздың дүниесі.

Исраил Сапарбай бұл туындысын сандығында 20 жыл сақтаған екен. Осыншама 20 жыл сақтаған туындысын,Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жастар сыйлығының лауреаты, атақты режиссер Ерлан Біләл ағамызға табыстаған екен.

Абайдың бейнесін Әсет Есжан,Айбек Құдайберген сынды дарынды актерлар сомдаса,Тоғжанды театр өнерінің хас шебері Жанерке Дүйсенбиева ойнады.



Ықпал ҚАПАРҒАЗЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
I курс студенті



Жәнібек ҰЛЫҚБЕКҰЛЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
I курс студенті



Шахида БЕРІКҚЫЗЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
I курс студенті





ҚазҰУ

85 ЖЫЛ



Көрінген таудың алыстығы жоқ

ҚазҰУ-шуақты күндерімнің куәсі

Бүгінде ол өз білім ордасының аты мен даңқы үшін мақтанады, қызыл дипломды қолтыққа қысып, абыройлы ордадан абыроймен ұшқаны үшін масаттанады, жұмыста бедел, өмірде ар мен намысты олжалауы, жоғарғы санат иегері атануы да қадірлі ҚазҰУ-дың арқасы деп біледі.

Назима Абдулқасымова 1991 жылы ОҚО (қазіргі Түркістан облысы), Мақтаарал ауданында дүниеге келген. Ғажап көңіл көктемнен өмірінің өткеліне 2008 жылы аяқ басып, сол жылдың күз айында мемлекеттік грант иегері атанып ҚазҰУ-ға келеген бала Назима қанатын филология және әлем тілдері факультетінде қатайтты. Қысқаша атаумен филфакта Қазақ тілі және Әдебиеті факультетін үздік тәмәмдаған Назима Махмұдқызы қазірде Шымкент қаласы №108 жалпы орта мектебінде қазақ тілі және әдебиетінен сабақ беретін тәлімді ұстаз, үлгілі әріптес.

«Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді»- дейді Абай атамыз. Мектеп табалдырығы бір бөлек, ұлы ордада тәлім алып, тәжірибе жинақтағаным өзіме олжа болды. Ұстаздардың жол нұсқауымен өстік, жетілдік. Студенттің болашағын бағдарлай білген ұстаз қауымын ерекше сыйлауға, ерекше қадірлеуге үйреткен ҚазҰУ-ға айтылар алғыс мың. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын». Жақсы деп баламалап емес, бағалап отырмын ошағымды»- дейді жас ұстаз.

«Ұстаз, ұстаз емес, шәкіртін шын сүймесе,

Шәкірт, шәкірт емес, ұстазға бас имесе» деген осы болар.

Өзінің шәкіртақысын жинап, «сабағыма керек болады» деп ноутбук сатып алып, «жерге нан таппай қиналған кездер мен сансыратып артынан ердіріп, оқымай, еріншектікке салынғаным үшін сауабын молайтатын ұстаздарды сыбап алатын да кездері болғаны «ыстық естелік»- деп еске алған Назима «Басқа түссе баспақшыл дүние» екендігін айтып күліп алды.

«Көрінген таудың алыстығы жоқ». Біз де біршама уақыттардан кейін білім ордамыз жайлы, қара шаңырақ ҚазҰУ жайлы жағымды пікірлеріміз, ой толғамдарымыз бен бөлісіп отыратынымыз шын. Алайда бізден сұхбат аларына кім кепіл. «Адалдықтың бәйгесіне атыңды қос, қалсаңда олжалысың, озсаң да олжалысың» дейді Төлен Әбдік «Біз үшеу едік» шығармасында. Сондықтан, оқуды адал бітірудің өзі біршама адамдық абыройыңды арттырады сөзсіз.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі». Тынысың талай арман қуып келген жастың жүрегіне от жағуға, жалынын молайтуға, жігерін қайрауға, абыройын асыруға, талай белесті еңсеруіне әлі көп жетеді. Тағы да «Көрінген таудың алсыстығы жоқ». Атың талайымызды шыңнан шығаратынына сенімдіміз!

Жасай бер ҚазҰУ, жайнай бер ҚазҰУ!

Альфия АДАМБЕК
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
4 курс студенті



Кім кінәлі?

Журналистиканың кәсіби мамандық ретінде қалыптасып дамығанына 100 жылдан астам уақыт өтті. Жалпы мамандықтың өзі журналистикамен бірге пайда болған. Алғашқы журналистика факультеті 1908 жылы атақты медиа магнат Жозеф Пулитцердің мұраға қалдырған қаржысымен АҚШ Миссури штатының Колумбия қаласында ашылды. Осы аралықта журналистика қарқынды дамып, жанама түрде болса да «төртінші билік» болып қалыптасуда. Алайда дәл Қазақстан журналистикасы туралы солай айтуға келе ме? Бүгінде қазақстандық журналистиканың депресивті күйін сынап, журналистердің кәсіби біліктілігінің аздығын айтушылар өте көп. Тіпті, 2017 жылы «Медиа Альянс» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы Арман Шораевтың журналистика факультеттерін жабу туралы ұсынысы қызу талқыға түскен болатын. Ендеше, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбаев сияқты журналист-публицистеріміздің сара жолымен бастау алған қазақ журналистикасының осыншама сапасыздануына не себеп, кім кінәлі?

Журналистика - басқа аспектілерін айтпағанда, бұл - тілдік норманы қалыптастырушы, халықты жұмылдырушы орта. Журналистика әлеміне кірем деген жан оның биік шыңы телевизияда жарқ етіп көрініп, диктор болуымен шектелмейтіндігін білгені шарт. Ол ортаны біз қадірлей, қастерлей білуіміз керек. Сол ортаға болашақта жауапты бүгінгі журфактың студенттері дей тұрғанмен, Отандық телеарналардың 70%-ын журналистикаға үш қайнаса сорпасы қосылмаған өнер иелері, жұлдыздар, блогерлер, саясаткерлер жаулап алды. Онымен қоса, Германия әдісіне еліктеп ашылған үш айлық журналистика курстары көптеп ашылып жатыр. Үш ай оқыған сертификатымен өздерін журналист санап, осы сферада жүре алады. Ендеше журфакты кінәлау қаншалықты орынды?

Қара шаңырақ ҚАЗҰУ-дың іргетасы қаланған уақыт – 1934 жылдан бері журналистика факультеті де бой көтеріп келеді. Журналистика факультетінде 600-ден астам студент білім алуда. Аталмыш білім ошағынан талай баспасөз мамандары түлеп, журналистика саласының бетке ұстарлары – Кәкен Қамзин, Клара Қабылғазина сынды профессорлары дәріс оқиды. Болашақ журналистерге теориямен қатар практикаға бейімдеу мақсатында баспа үйі, «Әл-Фараби» радиосы, «Әл-Фараби» арнасы жұмыс жасап жатыр. 1 курстан бастап жастарды жаз айында практикалық жұмыстарға жіберіп отырады. Олай болса журналистика факультеттерін жабу емес, керек десең, әлі де көптеп ашу керек. Сұраныс бар жерде ұсыныс бола береді. Бәсекелестік сапаны алға шығарады. Ендеше, ұлтының қамын жейтін нағыз патриот журналистерді дайындау керек!

Қырмызы СКЕНДИЯРОВА
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
3 курс студенті

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі оқу үдерісі және тәлім-тәрбие жұмыстарымен өмір бойы айналысқан ғалым-ұстаздар Отанымыздың рухани құндылықтар құрамында бағаланады. Олар материалдық және мәдениет жетістіктерін жүзеге асыруға қосқан үлестерімен елімізге өнегелі тұлғалар қатарында дараланады. Осы қатарда Қазақстандағы жоғары білім беру ордасы, қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің түлегі, бүгінде аяулы ұстаз Ақмарал Тоқабаева бар. Бүгінде ҚазҰУ-ға – 85 жыл. Осыған орай, Ақмарал ханыммен университет қабырғасында өткен қызықты студенттік жылдары туралы әңгіме өрбіткен едік.

– «Біз студент болған ҚазҰУ» – осы тіркес сіздің жадыңызда қалай бейнеленеді, қандай естеліктерімен тәтті?

– 1987 жылы қазіргі Жаркент қаласындағы (ол кезде Панфилов қаласы деп аталатын) Панфилов педагогикалық училищесін бітірдім. Ол кезде училищені бітірген түлектерді жолдамамен 3 жыл осы облыстың аудандарына жұмысқа жіберетін. Ал қызыл дипломға бітіргендерге жолдамамен бару міндетті емес, бірден жоғарғы оқу орнына түсуге рұқсат беретін. Сондай жеңілдігі бар еді. Училищені қызыл дипломға бітіріп, сол жеңілдікпен Алматыға оқуға барып ҚазҰУ-дің филология факультетіне тапсырдым. Алматыда пәтер жалдап тұрып, дайындалып ҚазҰУ-дің филология факультетіне сол 1987 жылы түстім. 1992 жылы бітірдім.

Жалпы тарихқа қарасақ, 1986 жылы «Желтоқсан оқиғасы» болды емес пе? Сол себептен деп ойлаймыз біз түскен жылы ҚазҰУ-ге мықты жастар түсті. Ешкім ешқандай таныс, жең ұшынан жалғасу ондай емес, барлығы да осы ҚазҰУ-ді, филология факультетін қалап келген жастар еді. Алғашында жиырма бестен екі топ болдық. Бірінші курста бірге оқыдық, ал одан кейін екінші курстан бастап тілшілер және әдебиетшілер деп екі топқа бөлініп, солай оқыдық. Бізге білікті ұстаздар сабақ берді. Академик Зейнолла Қабдолов әдебиет теориясынан, қазақ тіл білімінің атасы деуге болады Мархабат Томанов грамматика тарихынан, Тұрсынбек Кәкішев, Шаңғара Тәкебаев, Берікбай Сағындықов, Жамбыл атамның немере келіні Алма Қыраубаева сабақ берді. Енді қай пәннен болсын сабақ берген ұстадарымыз керемет болды. Сөйтіп бес жыл күндізгі бөлімде ҚазҰУ-де оқыдым. Бүгінгі күнге дейін соның жемісін жеп келе жатырмын десем болады. Өзім оқыған Панфилов педагогикалық училищесі қазір Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі. Сол колледжде міне жеті жыл болды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымын.

Қазіргі ҚазҰУ-дегі Өмірбек Жолдасбеков атындағы студенттер сарайының директоры Жанат Қарманова деген әнші апайың менің группаласым. Тіл білімі институтында істейтін жолдастарым бар. ҚазҰУ-дің өзінде сабақ беретін жаңағы группаластарым бар. Қазақстанның түкпір-түкпірінде профессорлар, ғылым кандидаттары курстастарым өте көп. Құралай Кудеринова деген осы тіл ғылымының бел ортасында жүрген курстасымыз Білім және ғылым министрлігі латын графикасы бойынша емле жобасын жасауға ғалымдардан құрылған жұмысшы тобының құрамында болған. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Сүлеймен Демирел университетінің профессоры Құралай қазір тіл білімі институтында жүр. Жұмашай Исаева, Гүлбанузан Мұсаева деген мықты филологияның ғалым қыздары бар. Мектептерде істеп жүрген қыздардың өзінің бір-бір кітабы бар. Группаластарымның барлығы сондай мықты.

Студент кезімізде журналистика факультетінің студенттерімен өте жақсы тату болғанбыз. Қазақтың бард әншісі Табылды Досымов бізбен қатар оқыған. Бірақ бізден 1-2 курс жоғары оқыды. Айнала қатар тұрған 5,6,7,8 жатақханалардың ортасындағы алаңда жиналып алып, гитарамен ән айтып Табылдың әнін тыңдап отыратынбыз. Сол кезде бесінші жатақхана журфактікі, алтыншы тарих факультетінікі, жетінші биология факультетінікі, сегізінші жатақхана филология факультетінікі болатын.

– Естен кетпес естеліктер дейсіз ғой... ҚазҰУ-дағы сол студенттік өміріңіздің ең өрнекті сәттері қалай жалғасты?

– Мен қазақ тілін, әдебиетін өте жақсы көруші едім, сол себепті филология факультетін таңдадым. Менімен бірге училищені қызыл дипломға бітірген Клара деген группалас құрбым болды. Ол тарих факультетін таңдады. Екеуіміз де ҚазҰУ-ге түстік. Қуанышымызда шек болмады. Жұбайым Айдар тарих факультетінде оқитын. Құрбым Клараның группасында, абитуриент кезімізде танысып, 4 жыл бірге жүрдік, 4 курста бас қосып, 5 курста Іңқар атты қызымыз өмірге келді. Сол ҚазҰУ-да, студенттік жатақханада, студенттердің арасында тамаша отбасылық өміріміз де өткен.

– Сол шақтағы студент – бүгінде ұлағатты ұстаз. Арадағы зымыраған уақыт сан тараулы өзгерістер әкелгені анық, сіз жеткен жетістіктер қандай?

Одан бері арада 27 жыл өтіпті. Уақыт, әрине, өз дегенін алады. Студенттік кез жалындап тұрған алау еді ғой. Алмайтын қамал жоқтай көрінетін. Отағасы Айдар үйдің кенжесі болған соң ауылға келдік, ауылдық мектепке мұғалімдік қызмет атқардым. Ата-ененің қолындағы келін болдым. Ең басты жетістігім – сол кісілердің батасын алғаным. Одан кейінгі жетістігім – Алланың берген үш перзентін өсіріп, бүгін бір қыз, бір ұлымызды үйлендіріп, құда-құдағи болғанымыз. Айдын, Айша, Айсулу атты немерелеріміз бар! Аллаға мың мәртебе шүкіршілік етеміз! Ауданда бір кісілік қадірі бар ұстазбын. Шәкірттеріміз алды филология ғылымдарының кандидатты. Ауданда Н.Крупская атындағы жалғыз таза орыс мектебі бар, сол мектепте оқу ісінің орынбасары, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінде оқу ісінің орынбасары деген оқытушылықпен қатар қызметтер істедім. Одан өзге техникалық-кәсіптік білім саласындағы «Модульдік-құзіреттілік тәсілдеме және инклюзивті білім беру» деген тақырыптар бойынша колледж оқытушыларына біліктілікті арттыру курстарын жүргізетін тренермін.

– 85 жасқа қадам басқан ҚазҰУ-ға білдірер тілегіңіз?

– ҚазҰУ мен үшін мәңгі жастықтың мекені! Жас шағыңда алған білім де, ғылым да, тәлім де, мәдениет те – өмір азығы! Жастық пен махаббаттың жарқын символындай ҚазҰУ-ым қазақ еліндей мәңгілік болсын!

Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан: Балерке КЕҢЕСБАЙ
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
4 курс студенті



Заман келбеті

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЗАМАНЫ...



АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ӨМІРІМІЗДІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӨЗГЕРТТІ?



"АДАМДЫ АДАМ ЕТКЕН - КІТАП, АДАМЗАТ ЕТКЕН - КІТАПХАНА"

ӘБИШ КЕКІЛБАЕВ

Ақпарат көп те, адамдардың білім көкжиегі таяз. Қазіргі ақпарат нөпірі сананы еріксіз жаулап алып, жастарды рухани жұтаңдыққа ұшыратып отырған жоқ па? Иә, бүгінгі таңда, біздің ақпарат құралдар саласын, әсіресе телеарналарды сан түрлі ток-шоулар жайлап алды. Кілең жеңіл дүниелер. Ақпараттың дамыған заманы екен деп, түрлі ой бұрмалаушы сөздер, мақалалар мүлде қажет емес. Мәселен, телеарнадан білім көкжиегін, рухани дүниені жаңғыртатын хабар шықса, оны сол саланы жетік меңгерген журналист жүргізсе құба-құл емес пе?! Орынды сауал қойып, тұщымды жауап алса, көзқарасты көрермен мен сол салада қызмет атқаратын жандар аталмыш бағдарламаны көруге ынта-жігері артады. Сонда қоғамдағы өзекті мәселелер алға озып, телеарнада шынайы рейтинг бәйгесі басталар еді. Бұл тек білім тұрғысында ғана шектелмеуі қажет. Кез-келген күрделі салаға бағытталуы керек. Әрине, ХХІ ғасыр-көшбасшылар ғасыры. Озық технологиялар, тың идеялар, техника мен жаңаша ақпараттың шарықтау кезеңі. "Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман", -деп М.Дулатов атамыз айтқандай, егеменді еліміздің тірегі, жарқын болашағы-білімді ұрпақ. Қазіргі таңда, Дүниежүзінде алдыңғы қатарлы дамушы елдердің барлығы жоғары деңгейде, өз тәжірибелері арқылы жұмыс жасап, нано-технологияның тиімді жақтарын алдыға тартады. Құрғақ сусыз, таса көлеңкеге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақты, тәрбиелеп, дара жол нұсқамасақ өспейді, өнбейді. Елдің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік ой-пікірімен ұштастырған, сапалы білім мен саналы тәрбие берілу керек деп түсінемін.

Бүгінгі өркениетті заманда, кітап пен жастарға ортақ байланысы бар мәдени орта ол-кітапхана. Көне жазбалар мен сонау бағзы заманнан бері бастау алып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан кітаптар сықылды кітапхананың да, тарихы мен тағылымы сол заманның шындығын аша түскендей. Осы тұста Әбиш Кекілбаев атамыздың сөзі есіме орала түсті «Мен кітапхананы ақыл-білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалтамауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары санаймын» деп бекер айтпаса керек. Рухани білімнің, құндылықтың, мәдениеттің ордасы-кітапхана ешқашан да мәні мен маңыздылығын жойған емес.

Біз қазір қызық заманда өмір сүріп жатырмыз. Кітап көп те, оқырман аз. Бұл ненің әсері? Бүгінде адамдар әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына оқыған кітаптарынан гөрі жеген тағамдарын, киген киімдерін, отырған орындарын көбірек жазады. Бұл ненің белгісі? Егер бізде кітап оқылып, жастар кітапханаға жиі баратын болса, мүмкін адамдардың ойлауы мүлдем басқа болар ма еді.

Иә, жаңалықты, бүкіл әдебиеттегі болып жатқан өзгерістерді іздеп жүріп оқитын кешегі жас буын, бүгінгі жастардың ата-анасы - үлкендердің де кітап оқудан алыстап кеткені ешқандай көлеңкелейтін мәселе емес, ол - басы ашық жайт. Шынында да, жұрт кітап оқудан қалды. Өйткені техникалық прогресс күшейіп кетті. Ақпарат көп, жан-жағымыздың бәрі көгілдір экран, керек ақпаратты саусақпен түртіп алып отырмыз деген бір ақталу сөз, сылтау аргументтермен түсіндіріледі. Бұл - адам қорқатындай жағдай. Сондықтан да кешегі керемет энтузиаст, романтик - Мұқағалидың өлеңдерін, Әбдіжәмилдің, Шыңғыс Айтматовтың кітаптарын іздеп оқитын жастардың бүгін "Менің ұрпағым кітап оқыса да, оқымаса да өзінің наным тауып жесе болар, әйтеуір аман болса болды" деген жиеншар, керенау торға еніп кеткендігі осы. Бұл - үлкен тарихи құбылыс. «Саналы ел, өсеміз өркендейміз деген ел бұл керенаулықтан, кезінде жіберіп алған қателіктен құтылуы керек. Ол әдебиетті сүю, ұрпақты әдебиетке сусындату, әдебиетке келу», - дейді жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы.

Кітапты сүйіп оқық, білімге ұмтылайық! Еліміздің гүлденіп, мемлекетіміздің қуаты артып, халқымыздың бақытты өмір сүргенін бәріміздің де көргіміз келеді. Бұл – бүкіл қазақтың басты арманы емес пе!..

Шұғыла БЕЙБИТҚЫЗЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
1 курс студенті



ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДЫҚ САНА

Әрбір жеке адам – қоғамдық сана ұғымын қалыптастырушы. Сондықтан бұл жерде сана ұғымына бөлек тоқталғанымыз жөн. Жалпы сана ұғымы менің ойымда резонанс тудыратын мәселе. Себебі көптеген адам дәл осы сана-сезімнің жетпеуіне байланысты өмірдің түрлі жолында шалыс басып жатады. Сана дегеніміз – бұл жеке адамның психологиялық жай-күйі. Бұл біздің барлық рухани ойларымыз бен сезімдеріміз, алған тәрбиеміз бен әлемде болып жатқан түрлі оқиғаға деген көзқарасымыздың жиынтығы. Адам – әлемдегі ең ақылды тірі ағза. Басқа тіршілік иелеріне қарағанда адамдардың санасы 100 есе жоғары десек болады. Біздің дәл осындай жағдайда өмір сүріп отырғанымыз адам санасының арқасында. Дәлірек айтқанда, қазір адамға өмір сүруге барлық қолайлы жағдай жасалған. Мысалы қарапайым адам тұрмыс тіршілігіне қажетті заттар, түрлі техникалық жабдық, тіпті роботтарға дейін ойлап табудың түп негізінде адам санасы жатыр. Міне, сондықтан сана ұғымының адамзаттың өмірінде алатын рөлі ерекше. Жеке адамның санасы дами келе қоғамдық сана ұғымы пайда болды. Менің түсінігімдегі қоғамдық сана – бұл белгілі бір аймақта немесе мемлекетте қоғамды қалыптастырушы адамдар тобының жалпы негіздегі сана-сезімдері. Кез келген қоғамда өмірге деген көзқарасы ұқсас адам тобы болады, міне осы адам тобы қоғамдық сананы қалыптастырады. Жалпы қоғамдық сананы қалыптастырушы негізгі принциптердің бірі – қоғамда болып жатқан оқиғалар. Осы түрлі жағдайға жауап ретінде белгілі бір адам тобының қарсы шығушылық немесе келісімге келу деген сияқты мәселелер орнайды. Бұл шешімдердің түп негізінде тағы да адамның ақыл жүйесі яғни сана ұғымы жатыр. Осылайша түрлі әлеуметтік немесе саяси, мәдени жағдайларда адамдық көзқарас қалыптасып ол өз кезегінде қоғамдық сананың дамуына себепші болады.



Мөлдір БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
1 курс студенті



Қоғамдық сананың жаһандауы-мемлекет дамуының негізі. Иә, расында қоғам адамдарының сана-сезімі дамымаса, мемлекет те дамымас. Жалпы адамзат тағылымының осы күнге жетуі сананың арқасы екенін тілге тиек еттік. Қоғамдық сананың жаңғыруы тұсында мемлекет жаңа деңгейге шығып, толағай белестерге жетеді. Ал мемлекет осындай дәрежеге жетуі үшін қоғамдық сана қай принциптерге сүйене отыра дамуы керек? Ең алдымен менің ойымша қоғам адамдарының коммуникациясы яғни қарым-қатынасы реттелуі керек, ұлттық бірегейлікті сақтай алу, әлеуметтік жағдайлар дұрысталуы керек. Сонымен қатар ұлт ретінде өз руханиятымызды жоғалтпай, қастерлей білу қажет. Мемлекет дамуы аясына үлес қосу үшін қоғамның әрбір жеке адамы өз жолын дұрыс қалыптастыра білуі маңызды рөл атқарады. Адамдар өз сүйікті ісімен айналысқанда өз ісінде мықты маман болады. Осы мықты мамандар мемлекетіміздің түрлі бағыттарда дамуына негіз болады. Еліміздің өсіп-өркендеуі үшін қоғам санасының ой-ұшқырлығы, тың идеялары өте маңызды.

Айнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
1 курс студенті



Өмір - үлкен мектеп

Екінші болма!

Уақыт - жан-жақты дамудың кілті

Адам баласы уақыт қадірін түсіне бермейді. Қаншама уақыт көзді ашып жұмғанша желдей ұшып, өзендей аға өткенде «Қайран қасқа уақытым... Осыған өліп-өшіп уақытым кеткен бе?»- дегендей психологиялық ақауларға ұшырап ауыр ойдың жетегінде кетеміз. Содан кейін «уақыт кернеуіне бөгет жоқ» сықылды мәтелдеріміз туындап жатады. Сіздер білгенсіздер ме, адам өз уақытын басқара алады. Қалай? Оны білу үшін алдымен «уақытым жоқ» атты керуенді тоқтатыңыз.



Әлішер көптің ортасында жүрген, алқалаған азамат, елінің елеулісі, халық қалаулысы, отбасының тірегі, елім деп туған өр ұрпақтың біреуі деп мақтасам артық айтпағандық болар. Халық арасында жүргендіктен оны бәрі Әшөнтай деп атап кеткен. Халық дегеніміз кім? Әшөнтай үшін халық- отбасы, ал отбасы- халық. Екеуі егіз қос ұғым. Жасы небәрі киелі сан төңірегіне келсе де, өзін депутат санайды. Әшөнтайдың депутат боламын деген арманына, балалық болмысын қалыптастыруына не түрткі? Әлішер үнемі аула алдында Айдынмен ойнайтын еді. Ол өте жақсы бала бұзықтығы жоқ тентек соған қарамастан билетіні бір басынан асып кетеді өзінің. Әлішер көрші үйдің жалғыз баласының осы қабілетіне тәнті әйтеуір. Қасында жүретіні де сол себептен. Айдынның әкесі дардай депутат. О міне, Әшөнтайдың арманының іргетасы көршінің қызметіне еліктеуден бастау алған болатын. Айдын мақтанарлық тұлға да осы әкесі. Әкесінің еңбегі туралы Әшөнтайға көп айтатын. Көп оқитынын, азаннан қара кешке шейін жұмыста болатынын, бір уақ Айдынға көп ақпараттар беретінін жар салады. Соның арқасында Әшөнтайдың жанында Айдынның білімі ұшы-қиыры жоқ теңіздей. Жаймашуақ күннің бірінде, аяқ астынан Айдын Әлішерге: «Әшөнтай осы уақыт деген не? Неге әкем уақытым жоқ дей береді екен?»- деп, сұрай бастады. Әлішерді өзінен билдей Айдынның сұрақ сұрағаны қуантып көкке төбесі екі елі жетпей қалды. Орнынан тұра сала депутатша сайрай жөнелді: «Уақыт деген... уақыт деген үлкен велосипед, егерде бар ғой сол алып велосипедті тебе алсақ бізге атанамыз уақытты шыңға береді. Айдын керемет емес пе, иә!». Бір біріне қарап шат-шадыман күйде. Айдын түсінгеніне, Әлішер түсінгеніне, Әлішер алғанына маз әйтеуір. Осылайша, екеуі уақыт алу нобайымен уақытын кетіре қайтты. Үйінің есігін аша сала Әлішер анасына жүгірді. Депутат сезіммен:

- Анашым, осы уақыт деген не?
- Өй, Әшөнтай не болды құлыным, ойыншық ол.
- Сұрақты қайталаймын. Уақыт деген не?

Қоймайды екенсің (күле қарап) саған түсіндірейін. Уақыт деген-үлкен кеңістік. Алайда, ол кеңістікте шалқып-тасып жүре алмайсың. Сенен тез жылжуды, бос отырмауды талап етеді. Уақытты түсініп қаракет еткен сайын жаратқанның да берешегі мол, балам. Өкініштісі сол, көбіміз уақыт қадірін кеш түсінеміз. Құмға сіңген су секілді адам өмірінің айнасын өзімен еншілей кетеді.

- Анашым, уақытты тоқтатуға бола ма?
- Ол әсте мүмкін емес.
- Ал оны басқаруға болады ма?
- Сен депутат боласың ғой. Ашық сөйлесейін.

Уақытты басқара аламыз. Ол біздің өз өмірімізге қалай жанымыз ашитынына байланысты, болашағымыздың күре тамыры терең жайлау үшін уақытты өзімізге бағындыруымыз керек. Уақытты басқару үшін бала жаста ата-ананың көмегі ауадай қажет. Баланың уақытының құр дүниеге зая кетпеуі ата-ананы толғандырғаны маңызды. Мысалы, баланы смартфонға, интернет ойындарына машықтандырмау. Әрине, бала болған соң ойын ойнауы өзіне пайдалы. Бірақ ол қандай ойын? Дана халқымыз «асық ойнаған озар, доп ойнаған тозар»- деп бекер айтпаған-ау шамасы, баланың бойына қазақы құндылықтарды сіңірсе, оған қоса түрлі үйірмеге, күшін білімге жұмсалса баланың уақытты ұтқандығы болар еді. Осылай баланың ойы жақсы қалыптасса, жан-жақтылықты алып жүрсе уақытты өз құнжырында пайдаланды деген сөз.

Ары қарай өзің күндік жоспар құрып үйрену керексің, балам. Ойын-қызық адам руханиятын аздырушы әлем. Оған алтын уақытың ада болады. Күндік жоспар құрып, пайдалы әрекетке талпын. Сонда уақыт сенімен санасатын болады. Біз әлеуметтік желіде отырып, қаншама уақытымыздан ұтыламыз, тіпті, байқамай жатамыз. Со себептен, уақытты қазірден басқару қабілетін бойыңа сіңір, балам. Ғылым-ілім ізден, оқуға көз майыңды тауыс, еңбектен. Сонда арман тілектеріңнің ізгі жолы сәттілікпен ашылады. Әлішер өзінің жүрегінде жаңа сауле пайда болғанын анық сезді. Анасының сөздері жүрек қақпасын басып кірді. Есейе келе, аянбай еңбектеніп, ана сөзін екі етпей шынымен де үлкен қызиет бұйырды. Ел елеулісі халық қалаулысы бола білді. Депутаттық арман ауылы да алыс емес еді. Басты қаруы ана ақылы, уақыт ұтымы, білім тұғыры, еңбек жемісі болды. Дәл қазір «қызым саған айтамын, келінім сен тыңданы» барынша нұсқадым, аргы жағы өз қолыңызда.

Еңлік ЖҰМАШ
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультет
1 курс студенті



Адамзат баласы жаратылғаннан бері таптық, топтық бөліністерде пайда болды. Сонау ықылым замандардан бері өзара бәсекелістік жалыны өршіп, бірін-бірі басып озуға тырысқандардың тартысы күні бүгінге дейін жалғасуда. Біз жаңа технологиялар мен білім, ғылымның қарыштап дамыған заманның құрдасы болып отырмыз. Ал бұл дегеніміз қазіргі жастарға екі есе жауапкершілік артуда. Осы ретте болашақ кілтін қолдарында ұстаған қатарластарымыздың басты ұраны мақсатшылдық пен табандылық болу керек деген тұжырымдамын. Бұл жерде ең өзекті мәселе өзіңді екінші орынға қоймай, бар ынта-ықылас, талап-жігер, күш-қайрат пен өжеттіліктің арқасында алдыға жетелеу болып табылады. Мен үнемі өзіңді жаңа жетістіктер мен бастаған ісімнен жақсы нәтиже алуға жігерлендіріп отырамын. Ол менің өмірлік кредом десем де болады. Шыны керек, таңғы шықтың тағдырындай келте ғұмырымызда әр пенденің алдынан түрлі қиындықтар, сындарлы сағаттар, салмақты сындар кезігеді. Осы ретте адам бойындағы дарын-дағдысын пайдалана отырып, барлығын жеңе білуге ұмтылу керек. Өйткені ол нағыз көшбасшылықтың, екінші болмаудың алғашқы сатысы. Түрлі тар жол, тайғақ кешулерде қателесуге, кемшіліктер мен олқылықтарға бой алдыруға болады. Алайда кемшілік көрген кісінің одан сабақ алуы, екінші мәрте дұрыс жолмен жүруі өте құптарлық іс. Олқылықтар тек қозғалыссыз, іс-әрекетсіз жатқан адамда ғана болмайды. Менің айтарым, тек әлсіздер ғана өзінің мақсаты мен ақ қанат армандарынан теріс айналып, бас тарта алады. Ал білегінен бөлек жүрегінде мықтылық ұялағандар діттегеннен айнымай, сол бағытта бар ынта-жігерін сарп етіп, ойлағанын жүзеге асырады. Және ешкімнің де азуы батпайтын “бірінші болу” дағдысын бойына дарытады. Бұл қуатты Қазақстанды қалыптастыруға атсалысар барлық жастарға тән қасиет болса, дамыған отыз елдің қатарына қосылу уақытымыз жақындай түспек. Бастысы, өмірдегі өзіңді жоғалтып алма. Ұмтыл, тайталас, берілме. Өзің үшін, өзгелер үшін күресе біл! Көштің басында жүр, екінші болу сенің тағдырың емес.

Мәлдір ЖАБАЕВА
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультеті
1 курс студенті



КҮН ЖЫЛЫТПАЙТЫН СУЫҚ КӨҢІЛДІ СӨЗ ҒАНА ЖЫЛЫТАДЫ!

Көңіл адамның ой-түкпірінен бөлек, жеке дара өмір сүретін, адам санасын өзіне бағыттаушы беймәлім дүние. Тіршіліктің қалтарысынан шаршаған пенденің көңіл түкпірі күндер өтіп тозады, шаршайды, шалдығады. Сол сәтте көрінбес аурудың емі де белгісіз болады. Суыған көңілдің жалғыз емі- жылы сөз. Қазақта «Жылы, жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» деген нақыл бар. Жылы сөздің қоғаммен байланыста да, адамдар мен аралас-құраласта да, ортақ қарым-қатынаста да өз көмегі үнемі тиеді.

Жанымыздағы жандарға жылы сөзімізді аяймыз, кей кез. Аузымыздан шықса айдалып кететіндей күйде боламыз. Ахмет атамның «Жиған-терген» өлеңіндегі «Именіп көптен, Сақтық қып еппен, Тасалама ойыңды!» деген жолдар сөзіме -дәлел, ойыма- нұсқау. Тағдырдың тарамысы айдап, қалтарысы құлатып кетпей жатып, жанымыздағы жандардан жылы сөзді жасырмау керек деп білемін. Себебі, кеуде керген бізге де жылы сөз керек болары сөзсіз. Сағымыз сынып, аяғымыз тайғанда дүние-мүлік бәрін қойғанда, бір ауыз жылы сөзге мұқтаж болып қаламыз. Сол сөзді әлдекімнен күтіп, әлдекімнен үміт іздейсіз. «Адамның күні адаммен» дегенге дәлел, сөзім.

«Жаратқан басы жұмырдың бәріне ақыл бере бермегені сияқты, аузы тесіктің бәріне бірдей бәтуа бұйыртпаған»- дейді Әбіш Кекілбаев. Балағат сөз бен қиу аңгіменің маңын маңайлайтын адамдар көп бүгінде. Ар мен намыстың арасын алшақ қойып, адамдарың абыройын төзуге, бағасын түсіруге ат салысады, келіп. Есесіне, адамдармен қарым-қатынасы құлдырап, дәрежесі төмендейді. Біз бұл жағымсыз қасиетті айтып, талқылағанмен кемтігі толып, кетігі бітпейді. Жаман қасиеттің желкесін нұқу адамның өзіне байланысты.

Көңілің таза болса, өмірің нұрлана түседі. Көмейіңнен жылы сөз легі шығып, айналаңа жылу сыйлауға үлес те қосар едік. Себебі, «күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылытады».

Роза ҚАДЫРОВА
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультет
4 курс студенті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Журналистика факультеті, Баспасөз және электорнды БАҚ кафедрасы

Жетекші редактор:
Жақсылықбаева Римма
Серікәліқызы

Жауапты хатшы әрі дизайнерлері:
Жумабаева Райхона Мирзақызы
Жұмаділов Батыржан Русланұлы
Аружан Құттымұратқызы

Мекен-жайы:
Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Журналистика факультеті,
Баспасөз және электорнды БАҚ кафедрасы.
Байланыс телефоны:
3-77-33-33, 3-77-33-34. (ішкі: 13-51, 13-47)

